

Юбилейные даты

САБАНШИЕВ Мәжит Сабаншыұлы 70 жаста



Қазақтың паразитология ғылымының республика бойынша білікті маманы, биология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің биологиялық қауіпсіздік кафедрасының профессоры **Сабаншиев Мәжит Сабаншыұлы** биыл 70 жасқа толды.

Мәжит Сабаншыұлы 1944 ж. 15 қаңтарда Алматы облысы Панфилов ауданы Ынтылы ауылында дүниеге келіп, 1967 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын, 1973 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық эксперименталдық ветеринария институтының аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолы Панфилов ауданы «Красный Восток» ұжымының бас малдәрігері (1967–1969 жж.) мамандығынан басталды. 1973–1996 жж. Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1996–2001 жж. Қазақ ұлттық аграрлық университетінде кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. 2001 жылдан бастап кафедра профессоры.

М. С. Сабаншиев аграрлық ғылым саласы бойынша жоғары санатты маман, биология, ветеринария, паразитология, саласына зор үлес қосқан ғалым, іскер ұйымдастырушы ретінде танылды. Қай жерде жұмыс істесе де өз ісіне берілген еңбек сүйгіштігімен, парасаттылығымен, ұжым алдындағы келелі мәселелерді іскерлікпен шешумен үлгі-өнеге көрсете білді, сол қасиеттерінің арқасында шәкірттерінің, әріптестерінің арасында айрықша құрметке, лайықты беделге ие болды.

Мәжит Сабаншыұлы 200-ден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде 2 оқулық кітаптың, 5 оқу құралының, 30-дан астам оқу әдістемелік жинақтың, 25-тен астам алдын ала және инновациялық патенттердің иегері. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005 ж.), ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік грантының иегері (2009 ж.). Тікелей ғылыми жетекшілік етуімен 4 ғылым докторын, 6 ғылым кандидатын дайындап шығарған. Ғалым педагог ретінде Қазақстан ғылымы мен біліміне сіңірген еңбегі үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жұбайы – медицина ғылымының кандидаты, доцент, Райгүл Үшкемпірқызы екеуі отбасында екі ұл, бес немере тәрбиелеп отыр.

Мәжит Сабаншыұлын 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, жасына ұзақтық, шығармашылық табыс, қажымас қайрат, отбасына бірлік, дастарханына Алла береке берсін деп тілейміз!

*А. М. Мелдебеков, «Зоология институты» РМК
бас директоры, ҰҒА академигі,*

*М. Ж. Сүлейменов, бас директордың
ғылым жөніндегі орынбасары*